

**2022-2023 оқу жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
атқарылған іс-шаралар есебі**

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жоспары негізінде жоспар жасақталып, сол жоспар негізінде мектеп кітапханасында төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылуда.

МАҚСАТЫ:

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету; Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру; Оқушыларға әдеби кітаптарды насихаттау арқылы олардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көптеген шара қолға алынды, іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп, жоба бағыттары жүзеге асырылуда. Жоспар бойынша мектеп кітапханасы оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітаптар қаласына саяхат» даярлық сыныптармен ойын-саяхаты, 1-2 сынып оқушыларымен «Кітапханаға қонаққа бару», «Кітапханаға алғашқы қадам» кітапханаға саяхат өткізілді. Оқушыларға кітапхана, балалар әдебиет, кітап қоры туралы мәлеметтермен танысты. Және оқушылармен «Ертегілер әлемі» атты ойыны өткізілді.

Жоба аясында кітап оқудағы ата-аналар белсенділігін арттыру мақсатында «Менің үйімдегі ата-аналардың кітаптары», «Бір отбасы-бір кітап» оқушылар үйімдегі ата-аналардың кітаптар туралы презентация, видеоролик, фотоколлаж жасады, отбасымен бірге кітап оқимыз жұмысы жүргізілді. Іс-шараның мақсаты: Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Отбасымен бірге кітап оқып, кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Ата-ана баланың кітап оқуына ықпал жасай отырып, әдеби кітап оқуға деген ынтасын жетілдіру. Отбасымен бірге әдеби кітап оқу. Бұл іс-шараға 5, 6, 7- сынып оқушылары қатысты.

Бастауыш сынып оқушылары "Әжемнің ертегілері" туралы бейнеролик жасады, бұл бейнероликтерде оқушылар қалай әжелерімен бірге ертегілер оқығанын және әжелері ертегі айтып бергенін насихаттайды. Мақсаты: Ата-ананың қарым-қатынасты нығайта отырып, ертегіні айтуға үйрету. Әжемнің ертегісін тыңдай отырып, баланың бойына отбасылық жылылықты, бақытты сәтерді сезіне білуге, қазақ халқының ертегілерін бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу.

«Әжемнің сүйікті кітабы» оқушылар үйіндегі әкелерін сүйікті кітаптарын туралы презентация, видеоролик, фотоколлаж жасады. Бұл іс-шараға 4-8 сынып оқушылары қатысты. «Қысқы демалыста кітап оқимыз» атты акциясына, «Республикам менің» атты челленджіне 1-9 сынып оқушылары белсенді қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханааралық бірлескен жұмыс негізінде аталмыш Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің мектеп кітапханаларының 7 сынып оқырмандар командалары арасында «Өлкем менің, мақтанамын өзіңмен!» атты интеллектуалдық ойыны өтті. Ойын Павлодар облысының 85 жылдығына арналды. Ойын барысында қатысушыларға туған

өлкенін атақты ақын – жазушылары, олардың шығармалары жайлы тапсырма беріп, сонымен қатар павлодар облысына қатысты викториналық сұрақтар қойылды. Қатысушылар берілген тапсырмаларды қорғап, сұрақтарға жауап беріп өз білімдерін ортаға салып, белсенділік танытты.

Ойын қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, мадақтама мен тәтті сыйлықтармен марапатталды. Мақсаты: Отанды сүйуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу. Кітап оқуға деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Туған өлкенін атақты ақын – жазушыларымен таныстыра отырып, олардың шығармаларын насихаттау.

Қысқы каникул уақытында оқушылардың уақытын тиімді пайдалану, кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсат бойынша ҚР оқу ағарту министрлігі және Республикалық ғылыми - педагогикалық кітапханасының “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Қыста кітап оқимыз” атты акция ұйымдастырылды. “Қыста кітап оқимыз” атты акциясына мектеп оқушылары каникул кезінде 2-4 сынып оқушылары Жиренше шешен туралы аңыз, әңгімелерді оқып, және 5 – 7 сынып оқушылары Оралхан Бөкейдің “Қар қызы” кітабын оқып, оқырмандармен бөлісті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушылары қысқы демалыс уақытын пайдалы өткізуде кезінде “Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты” атты іс-шараға қатысып, оқыған кітаптарымен бөлісті. Іс-шараның мақсаты: Кітапты таңдау, оны оқып, баланың жүрегіне жеткізудегі ата-ананың рөлі, ата-ана мен бала арасындағы кітап жайлы көзқарастарын білу, кітап оқуға тарту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханааралық бірлескен жұмыс негізінде Қ.Сәтбаев атындағы гимназия мектеп кітапханасының меңгерушісі Женаева Г.И. ұйымдастырумен квест-ойыны үш тілде америкалық жазушы М.Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» өтті. 5 «А, Б» сынып оқушылары қатысты бұл квест-ойынға. Және Қ.Сәтбаев атындағы гимназия мектебі ұйымдастырумен «Ертегілер әлемі» квест-ойына 4 «А» сынып оқушылары қатысты. Квест ойыны төрт турдан өтті. Шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқушылар уақытын тиімді пайдалану арқылы сапалы жұмыс жасау. Оқушыларды ынтымақтастыра отырып, бірлесе жұмыс істеуге бағыттау. Іс-шараға Ақсу қаласының Ы.Алтынсарин, Абай ат., Қ.Сәтбаев гимназия мектептерінің 4 сынып оқушылары қатысты. Үш команда ойыншылары шығарманы біліп қана қоймай, сондай-ақ мазмұны бойынша қойылған аялдама сұрақтарына жауап беру арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындады. Қатысушылар белсенділік танытып, өз білімдерін ортаға салды.

4 «Г» сынып оқушыларымен «Ойлан тап» әдеби - интеллектуалды ойын өткізілді. Интеллектуалды ойынның тақырыбы «Ертегілер әлемінде», мақсаты: Ойын түрінде оқушыларға таңыс ертегілер мазмұнын қысқаша айтып кету, ертегінің мазмұнын тындауға қызығушылықтарын арттыру. Ертегінің мазмұнын әңгімелеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Адалдыққа, достыққа, ақылдылыққа тәрбиелеу. Топтық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту. Оқушылар белсенді қатысты

Қалалық орталық кітапханада қазақ халық композиторы, ақын, әнші Иманжүсіп Құтпанұлының 160 жылдық мерейтойына арналған «Елеміздің халық ақыны» атты қалалық мәнерлеп оқу сайысына 8 «Б» Болатова А., Дюсембаева Ш., 8»В» Қанатова А. қатысты.

«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» атты қалалық семинар өтті, бұл семинарда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 4 «Г» сынып оқушылары «Шалқан» ертегісін сахналады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Өзім оқимын, саған ұсынамын» атты акциясы ұйымдастырылды. Бұл акцияға 3 «А, Ә, Б, В, Г», 4 «Ғ», 5 «В». Жоспар бойынша оқушылардың халық ауыз әдебиеті, оның ішінде ертегілер туралы білімдерін тереңдету. Көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында "Менің сүйікті ертегілер" сурет салу бастауыш сынып оқушылары белсенді қатысты. Оқушылар сүйікті ертегілерін сурет салды.

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арта түсіріп, қаншалықты кітап оқитындарын анықтау. Оқушы бойында өз бетімен кітап оқып білім алуға мақсатында 8-9 сынып оқушылар арасында "Менің сүйікті оқығам кітабым" атты эссе жазды. Оқушылар сүйікті оқыған кітаптарына эссе жазып, жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлердің сан алуан қырларын ашып көрсетті. Оқушыларды кітап оқуға шақырады. Бұл іс-шараға 8 «В», 9 «Ә» сынып оқушылары қатысты.

Білім бөлімінің, әдістемелік кабинетінің 2023 жылғы арналған жұмыс жоспарлары негізінде, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Балалар кітабы апталығы», «Халықаралық балалар кітабы күні», Дүние жүзілік Кітап және авторлық құқық күні шеңберінде, «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы, 2023 жылғы жазушылардың мерейтой аясында қалалық «Дауыстап оқу чемпионаты» сайыс өткізді. Чемпионаттың мақсаты: Оқушылар арасында оқу мәдениетін дамыту және насихаттау, балаларды халық шығармашылығымен тереңірек таныстыру; өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу жұмыстарында жалпы білім беру мекемелерінің педагогтеріне бойынша көмек көрсету.

«Дауыстап оқу» чемпионатының 8 «В» сынып оқушысы Болатова Аяулым Ш-орынға ие болды, 4 «А» сынып Ахмедиева Аружан, 7 «А» сынып оқушылары қатысқандары үшін сертификаттар мен сыйлықтар ие болды.

Кітап - адамзат баласының баға жетпес рухани құндылығы. Кітап білім мен тәрбие құралы ретінде жеке тұлғаны қалыптастыруда ерекше ықпалға ие. Оқырман мен кітаптың арасын жақындату мақсатында қолдан келген бар мүмкіндіктерді қолдану. Білім бөлімінің, әдістемелік кабинетінің жұмыс жоспарлары негізінде, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Отбасымен кітап оқу» қалалық сайыс өткізді. Мақсаты: Отбасылық кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, оқырмандардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастыру. Оқу мәдениетін қолдау мен дамытуда жалпы қоғам мен отбасының назарын аудару. Бұл сайыста Айгожиндар отбасы «Үлкен отбасы кітап оқитын» номинациясымен марапатталды.

Кітапхана оқырмандарын рухани және интеллектуалды дамуына кітап оқу арқылы қызығушылығын арттыру, кітапханаға келушілер санын ұлғайту, оқушылар арасында кітап оқуды тиімді насихаттап, ең көп оқитын сынып оқушыларын анықтау және мадақтау мақсатында оқырмандар арасында «Ең көп кітап оқитын сынып» 2-4 сынып оқушылар және «Сыныптың үздік оқырманы» 5-10 сынып оқушылар байқауы өткізілді. Байқаудың қорытындысы бойынша оқырман формулярың талдау, мониторинг жүргізу арқылы «Ең көп оқитын сынып» және «Сыныптың үздік оқырманы» анықталды. Бастауыш сыныптар бойынша «Ең көп оқитын сынып» 2 «а», 5-10 «Сыныптың ең үздік оқырманы» 10 сынып оқушысы.

14 маусым күні республикалық "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектебіміздің 5 сынып оқушылары Асылханова Жанель, Асылханова Анель, Жанарбекқызы Еркежан Қ. Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының мектеп кітапханасында ағылшын жазушысы Жоан Роулиннің «Хэрри Поттер және пәлсапа тас» атты шығарма желісімен өткен квест - ойынына қатысып, қала мектептері арасында «Бірлігі жарасқан команда» номинациясымен марапатталды. Мақсаты: Баланың ойлау, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесе әрекет етіп, топта жұмыс жасауға, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу. Ойынға Қ.Сатпаев а. дарынды балаларға арналған гимназия, Алтынсарин ат. казак орта мектеп, Абай ат.ЖОББ мектеп, №4 орта мектеп, №7 орта мектеп оқушыларынан құрылған бес команда қатысты. Қатысушылар белсенділік танытып, маршрут қағаздарымен тапсырмалары бар аялдамаларды аралап, сұрақтарға жауап беріп, логикалық әртүрлі жаттығулар орындады. Барлық орын алған командалар дипломмен және тәтті сыйлықтармен марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында тұрақты түрде жоспардан, «Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты» марафон, «Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing, «Мектепке кітап сыйла», «Өзім оқимын, саған ұсынамын» акциясы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ұйымдастырылған іс шараның барлығы әлеуметтік желілердегі парақшаларға жариялануда.

"Жақсы кітап - ақылдың кені, кісіліктің кілті" демекші мектеп оқырмандарын әдеби кітаптарды оқуға шақырамыз. Алдағы уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы кітапқұмар, рухы биік ұлт деген мәртебелі атымызды жаңғыртуға септігін тигізетін игі бастама екеніне сенімім мол.

Жалпы қорытындылар мен ұсыныстар:

Осы оқу жылында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі: оқушылар оқу дағдысының қалыптаспағанын, әртүрлі ақпаратпен өз бетінше жұмыс істей алмауын атап өтті. Сонымен қатар, келесі анықталған мәселе – кітап оқуға деген ынтасының төмендігі. Оқушылардың кітапханаға қатысуы - 63%, мұғалімдердің қатысуы - 40%.

- Көркем әдебиеттің жеткіліксіздігі (әдебиет өте ескірген), кітапхана қорындағы кітаптардың заман талабына сай келмеуі, әрине, ғаламтор пайда болуымен балалар кітаптарға мүлдем қызығушылық танытпайды. Сондықтан көркем

әдебиет қорын жарқын және заманауи кітаптарға, кітапханаға кітап қорын толықтыруды қажет етеді.

- Сондай-ақ, бастауыш сыныпқа арналған балалар көркем әдебиетін меңгертуде, негізгі кітап қорын толықтыру қажет етеді.

- Кітапхана мен педагогикалық ұжымның және оқушылар арасындағы қарым-қатынасқа барлығы бірдей бара бермейді

- Мектеп кітапханасы пайдаланушыларды қажетті ақпараттық материалдармен қамтамасыз етуде көп жұмыс жасайды.
- Оқушыларды жүйелі және жан-жақты оқуға баулу жұмыстары жүргізілді.
- Кітапты насихаттау бойынша жеке, топтық және жаппай жұмыстар жүргізілді.



Мектеп директоры:

Егис И.Е.

Орындаған кітапханашы: Узканова А.К